Қазақстан Республикасы
ҰЛТТЫҚ
МУЗЕЙІ

МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 3006-1377 (online)

№ 3 (114)

Астана
2026

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік – саяси ғылымдар кандидаты, алқа төрағасы (Қазақстан)

ИБРАЕВА Ақмарал Ғосманқызы – алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы – ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АЯҒАН Бүркітбай Гелманұлы – ҚР ҰҒА құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері (Қазақстан)

ОҢҒАРҰЛЫ Ақан – тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

ҮМІТҚАЛИЕВ Ұлан Үмітқалиұлы – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор (Қазақстан)

ИСМАИЛОВА Жанат Хамидовна – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Өзбекстан)

ЦЗИ Сяофен – PhD докторы (Қытай)

ВОЛЬФРАМ Сабине – PhD докторы (Германия)

ШТЕЙН Гил – PhD докторы (АҚШ)

ОУТРАМ Алан – PhD докторы (Ұлыбритания)

ШОМФАЙ Иштван – PhD докторы (Венгрия)

ӘБДУАҚАП Қара – PhD докторы (Түркия)

ДАВЫДОВ Владимир Николаевич – әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, PhD докторы (Ресей Федерациясы)

АҒАТАЙ Өткірбай Мылтықбайұлы – PhD докторы (Қазақстан)

ДУВАНБЕКОВ Руслан Сабырұлы – PhD докторы (Қазақстан)

ИСКАКОВ Қуаныш Алдабергенұлы – PhD докторы (Қазақстан)

EDITORIAL BOARD:

Berik Abdygaliuly	– candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Ayagan Burkitbay	– Honorary Academician of the NAS RK, doctor of Historical Sciences, Professor, Honored Worker of RK (Kazakhstan)
Ongaruly Akan	– candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Umitkaliev Ulan	– candidate of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Ismailova Zhanat	– doctor of Historical Sciences, Professor (Uzbekistan)
Ji Xiaofen	– PhD (China)
Wolfram Sabine	– PhD (Germany)
Gil Stein	– PhD (USA)
Alan Outram	– PhD (UK)
Somfai Istvan	– PhD (Hungary)
Abdulvahap Kara	– PhD (Turkey)
Davydov Vladimir	– candidate of Sociological Sciences, PhD (Russian Federation)
Agatay Otkirbay	– PhD (Kazakhstan)
Duvanbekov Ruslan	– PhD (Kazakhstan)
Iskakov Kuanysh	– PhD (Kazakhstan)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік – кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан)

ИБРАЕВА Акмарал Госмановна – заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожахметович – академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

САМАШЕВ Зайнолла Самашевич – доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

АЯГАН Буркитбай Гелманулы – Почетный академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор, Заслуженный деятель РК (Казахстан)

ОНГАРУЛЫ Акан – кандидат исторических наук (Казахстан)

УМИТКАЛИЕВ Улан Умиткалиевич – кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

ИСМАИЛОВА Жанат Хамидовна – доктор исторических наук, профессор (Узбекистан)

ЦЗИ Сяофен – PhD доктор (Китай)

ВОЛЬФРАМ Сабине – PhD доктор (Германия)

ШТЕЙН Гил – PhD доктор (США)

ОУТРАМ Алан – PhD доктор (Великобритания)

ШОМФАЙ Иштван – PhD доктор (Венгрия)

КАРА Абдуакап – PhD доктор (Турция)

ДАВЫДОВ Владимир Николаевич – кандидат социологических наук, PhD доктор (Российская Федерация)

АГАТАЙ Уткирбай Мылтыкбайулы – PhD доктор (Казахстан)

ДУВАНБЕКОВ Руслан Сабырулы – PhD доктор (Казахстан)

ИСКАКОВ Куаныш Алдабергенович – PhD доктор (Казахстан)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Музей ісі / Museology / Музейное дело

Yang Hanlin Familiar difference: object selection, visual display, and aesthetic translation of Splendid Silk in Kazakhstan
Янг Ханлин Өзгедегі таныс бейне: Қазақстандағы «Керемет жібек» көрмесінің нысандарын іріктеу, визуалдық экспозиция және эстетикалық трансляция
Янг Ханлин Знакомое в ином: отбор объектов, визуальная экспозиция и эстетическая трансляция выставки «Великолепный шёлк» в Казахстане..... 8

Абильдаева Л.О. Музейдегі бейнелеу өнері коллекциясындағы қазақтың тұрмысы мен мәдениеті: Әбілхан Қастеевтің туындылары негізінде
Абильдаева Л.О. Быт и культура казахского народа в коллекции изобразительного искусства музея (на основе произведений Абылхана Кастеева)
Abildayeva L.O. Kazakh everyday life and culture in the museum's fine art collection (based on the works of Abilkhan Kasteev)..... 18

Мукашева Г.К. Сундук, связанный с купеческой династией Кубриных: история происхождения и бытования музейного предмета
Мукашева Г.К. Көпес Кубриндер әулетімен байланысты қаңылтырмен қапталған сандық: музейлік заттың шығу тарихы және тұрмыста қолданылуы
Mukasheva G.K. Forged metal chest associated with the Kubrin merchant dynasty: the history of the museum object and its use in everyday life..... 37

Археология / Archaeology / Археология

Ярыгин С.А., Сакенов С.К., Нускабай А.А. Кельтообразный молоток с поселения Атшубар
Ярыгин С.А., Сакенов С.Қ., Нұсқабай Ә.А. Атшұбар қонысынан табылған кельт тәрізді балға
Yarygin S. A., Sakenov S. K., Nuskabay A.A. A celt-shaped hammer from the Atshubar settlement..... 53

Дүйсенбай Д.Б., Надыров Ж.О., Мұсырманқұл П.Б., Касымханова Т.Б., Қасенәлі А.Е. Жүкей қорымындағы археологиялық зерттеулердің нәтижелері
Дуйсенбай Д.Б., Надыров Ж.О., Мусырманкул П.Б., Касымханова Т.Б., Касенали А.Е. Результаты археологических исследований на могильнике Жукей
Duisenbay D.B., Nadyrov Zh.O., Musyrmankul P.B., Kassymkhanova T.B., Kassenali A.E. Results of archaeological research at the Zhukey burial ground..... 66

Utubayev Zh., Suyundikova M., Shagirbayev M., Akkaliyeva A. Egistik mausoleum: ritual rites and traditions of sacrifice
Утубаев Ж.Р., Суюндикова М.К., Шағырбаев М.С., Аққалиева А.Ш. Егістік кесенесі: ғұрыптық жоралғылар мен құрбандық шалу дәстүрі
Утубаев Ж.Р., Суюндикова М.К., Шагирбаев М.С., Аккалиева А.Ш. Мавзолей Егистик: обрядность и практика жертвоприношения..... 82

Шашенов Д.Т., Есен С.Г. Жанисов А.Т. Жиенбай қыстауында жүргізілген зерттеу нәтижелері
Шашенов Д.Т., Есен С.Г., Жанисов А.Т. Результаты исследования зимовки Жиенбай
Shashenov D.T., Yessen S.G., Zhanisov A.T. The results of a study of the Zhienbai wintering site..... 97

Хасенова Б.М. Архитектура погребальных сооружений населения Кимекского каганата
Хасенова Б.М. Қимақ қағанаты халқының жерлеу ескерткіштерінің сәулеттік ерекшеліктері
Khassenova B.M. Architecture of funerary buildings of the Kimek khaganate people.....110

Билялова Г.Д. Мавзолеи Сарыарки XIII–XV вв.: история изучения и новые археологические данные

Білəлова Г.Д. Сарыарқаның XIII–XV ҒҒ. кесенелері: зерттелу тарихы және жаңа археологиялық деректер
Bilyalova G.D. The mausoleums of Saryarka (13th–15th centuries): history of research and new archaeological evidence..... 122

Молдахмет А.А., Елеуов М., Валиулина С.И., Құрманиязов Ы.С. Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы ортағасырлық шыны бұйымдары: құрамы, технологиясы және археологиялық маңызы
Молдахмет А.А, Елеуов М., Валиулина С.И., Курманиязов Ы.С. Средневековые стеклянные изделия нижнего течения реки Сырдарьи: состав, технология и археологическое значение
Moldakhmet A.A., Eleuov M., Valiulina S.I., Kurmaniyazov Y.S. Medieval glass objects from the lower Syr Darya: composition, technology, and archaeological significance..... 139

Камалдинов И., Буранбаев Р., Нұрғали Н., Арынов Қ. Сүткент қаласын археологиялық зерттеудің жаңа нәтижелері (2025 ж. материалдар бойынша)
Камалдинов И., Буранбаев Р., Нургали Н., Арынов К. Новые результаты археологических исследований на городище Сюткент (по материалам 2025 г.)
Kamaldinov I., Buranbayev R., Nurgali N., Arynov K. New results of archaeological research at the Syutkent settlement (based on 2025 data)..... 160

Сыдығалиев С.М., Кунанбаева Ш.Б. Системы жизнеобеспечения населения поздней бронзы Северного Казахстана: палеоэкологическая реконструкция
Сыдығалиев С.М., Құнанбаева Ш.Б. Солтүстік Қазақстанның кейінгі қола дәуіріндегі халықтың тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері: палеоэкологиялық қайта құрылымдау
Sydygaliyev S.M., Kunanbayeva Sh.B. Subsistence systems of the Late Bronze Age population of Northern Kazakhstan: a paleoecological reconstruction..... 176

Этнология / Ethnology / Этнология

Смағұлов Б.Қ., Әшім Б.Ә. Г.Е. Катанаевтың материалдары мен еңбектеріндегі қазақ халқының этнографиясы жөнінде мәліметтер
Смагулов Б.К., Ашим Б.А. Сведения по этнографии казахского народа в материалах и трудах Г.Е. Катанаева
Smagulov B.K., Ashim B.A. Information on the ethnography of the kazakh people in the materials and works of G.E. Katanaev..... 196

Кошман Т.В., Ғайса А.М. Некрополь Ахметаул в Центральном Казахстане: мемориализация потомков Қоңыр-Құлжа төре в XIX–XXI вв.
Кошман Т.В., Ғайса А.М. Орталық Қазақстандағы Ахметаул қорымы: XIX–XXI ғасырлардағы Қоңыр-Құлжа төре ұрпақтарының мемориалдандыру дәстүрі
Koshman T.V., Gaisa A.M. Ahmetaul Necropolis in Central Kazakhstan: the memorialization of the descendants of Konyr-Kulzha tore in the 19th–21st centuries..... 209

Маулет А., Нұрдаулет П., Камунов С. Ақтөбе қазақтарының материалдық емес мәдени мұрасын инвентаризациялау: кейбір ұлттық тағам дәстүрлері
Маулет А., Нурдаулет П., Камунов С. Инвентаризация нематериального культурного наследия казахов Актюбинской области: некоторые традиции национальной кухни
Maulet A., Nurdaulet P., Kamunov S. Inventory of the intangible cultural heritage of the Kazakhs of the Aktobe region: selected traditions of national cuisine..... 220

Жалелов Д.С. Қазақ жыраулық және түрік ашықтық дәстүрі: этномәдени сабақтастықтың этнологиялық қырлары

Жалелов Д.С. Казахская традиция жырау и турецкая традиция ашиков: этнологические аспекты этнокультурной преемственности
Zhalelov D.S. The Kazakh Zhyrau and Turkish Aşik traditions: ethnological dimensions of ethnocultural continuity..... 238

Мейрманова Г.А., Егізбаева М.К., Терекбаева Ж.М. Қазақ балаларының дәстүрлі ойындары мен ойыншықтарының мәдени мұрадағы сабақтастығы
Мейрманова Г.А., Егизбаева М.К., Терекбаева Ж.М. Преемственность традиционных игр и игрушек казахских детей в культурном наследии
Meyrmanova G.A., Yegizbayeva M.K., Terekbayeva Zh.M. Continuity of traditional games and toys of Kazakh children in cultural heritage..... 250

Жуандыкова А.Д., Искаков К.А. Иран қазақтарының үйленуге дейінгі рәсімдері: диаспора жағдайындағы мәдени сабақтастық
Жуандыкова А.Д., Искаков К.А. Предсвадебные обряды казахов в Иране: культурная преемственность в условиях диаспоры
Zhuandykova A.D., Iskakov K.A. Pre-wedding rituals of Kazakhs in Iran: cultural continuity in the context of the diaspora..... 264

Тарих / History / История

Тастанбеков М.М., Сандыбаева А.Д. Ясауи кесенесіне тиесілі болған тарихи-мәдени мұралар
Тастанбеков М.М., Сандыбаева А.Д. Историко-культурные ценности мавзолея Ясави
Tastanbekov M., Sandybayeva A. Historical and cultural heritage of the Yasawi Mausoleum..... 274

Порсин А.А., Ағатай Ө.М. Хан Жәнібек әскерінің 1346 жылы Каффада оба індеті өршіген кездегі іс-әрекеттері
Порсин А.А., Агатай У.М. Действия армии хана Джанибека во время вспышки чумы в Каффе в 1346 г
Porsin A.A., Agatay O.M. The actions of khan Janibeg's army during the plague outbreak in Caffa in 1346..... 295

ҒТАМР 03.20.00 https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.20

***Порсин А.А.[1], Ағатай Ө.М.[2]**
[1]Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институты
Астана, Қазақстан
[2]Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі
Астана, Қазақстан
e-mail: porsinart@gmail.com

ХАН ЖӘНІБЕК ӘСКЕРІНІҢ 1346 ЖЫЛЫ КАФФАДА ОБА ІНДЕТІ ӨРШІГЕН КЕЗДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада 1346 жылы Алтын Орда ханы Жәнібек әскерінің Каффа қаласын қоршау кезінде оба індетінен қаза болған адамдардың денелерін қалаға лақтырғаны туралы Габриэль де Мюссидің мәліметі қарастырылады. Тарихнамада бұл оқиға биологиялық қаруды қолданудың алғашқы мысалдарының бірі ретінде түсіндіріліп келеді. Алайда мұндай рационалистік түсіндіру бірқатар деректанулық мәселелер туындатады. Мақсаты – Жәнібек хан әскерінің әрекетін «биологиялық қару» ұғымымен шектемей, баламалы түсіндіру. Міндеттері: де Мюсси мәліметін басқа тарихи деректермен салыстыру; 1287–1288 жылдары Русьтегі індет кезіндегі моңғолдардың әрекеттерін талдау; ауруға қатысты түркі-моңғолдардың шаманистік түсініктерін реконструкциялау. Зерттеудің деректік негізін Мюссидің шығармасы, Галицк-Волын жылнамасы, Ян Длугош хроникасы, «Моңғолдың құпия шежіресі», Рашид ад-Дин және Плано Карпинидің жазбалары құрайды. Мақалада салыстырмалы-тарихи және тарихи-антропологиялық әдістер қолданылды. Тун-л'Эвек (1340) және Карлштейн (1422) қоршауларындағы оқиғалар Каффа жағдайымен ішінара салыстырылғанымен, оларда мәйіттерді қолданудан гөрі «ауаны улау» әрекеттері сипатталады. Ал 1287–1288 жылдардағы Русьте болған оқиға моңғолдардың індет шыққан қалалардағы халықты сыртқа шығармай, іс жүзінде оқшаулап («карантин») ұстағанын көрсетеді. Рашид ад-Дин жылнамасы мен «Моңғолдың құпия шежіресінде» жазылған Төленің өлімі және Длугош хроникасындағы моңғолдардың Русь жеріндегі іс-әрекеттері түркі-моңғолдардың ауру табиғаты туралы шаманизмге негізделген түсініктерін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда Каффаға мәйіттерді лақтыру әскери-тактикалық емес, індеттен туындаған өлім қаупін магиялық жолмен басқа қауымға ауыстыруға бағытталған іс-әрекет ретінде түсіндіріледі.

Кілт сөздер: оба, Каффа, қоршау, түркі-моңғолдар, Жәнібек хан, шаманизм, ауру жұқтыру, магиялық дуа.

Дәйексөз үшін: Порсин А.А., Ағатай Ө.М. Хан Жәнібек әскерінің 1346 жылы Каффада оба індеті өршіген кездегі іс-әрекеттері // Мәдени мұра. 2026. №3 (114). бб. 295-306 (қаз.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.20

Кіріспе

Итальяндық нотариус Габриэль де Мюссидің мәліметтеріне сәйкес, шамамен 1346 жылы Каффаны қоршауға алған Жәнібек хан әскерінің іс-әрекеті «Ұлы оба індеті» (Black Death) деп аталған екінші оба пандемиясының ең жұмбақ әрі түсіндірілуі қиын эпизодтарының бірі саналады. Бүгінгі Польша аумағынан (анығында Вроцлав, сол дәуірдегі Бреслау) 1842 жылы табылған бұл жазба деректе Алтын Орда әскерінің генуялықтар иелік еткен Каффаны қоршауға алғаны туралы баяндалады. Үш жылға созылған қоршау барысында көшпенділер қосынында жаппай адам өліміне әкелген оба індеті басталады. Алтынордалық әскер арнайы ату техникалары арқылы мәйіт сүйектерін бекініс қорғандарынан асыра қалаға лақтыра бастайды.

Көп ұзамай аса қауіпті жұқпалы ауру қала тұрғындары арасында да тарайды. Каффадан теңіз арқылы кемелермен қашып шыққан науқастар, осы індетті Италияға жеткізіп, сол жерден ол бүкіл Еуропаға жайылған.

Материалдар мен зерттеу әдістері

XIX ғасырдың екінші жартысында жарияланған де Мюссидің жазбаларына айрықша мән берудің өзіндік себебі болды: бұл кезеңде оба табиғаты туралы миазматикалық түсінік әлі де үстемдігін сақтағанымен, аурудың таралуын контагиозды теория тұрғысынан түсіндіру кеңінен тарала бастаған еді. Осы тарихи-ғылыми жағдайды М.В. Супотницкий мен Н.С. Супотницкий орынды атап көрсетеді. Айталық, оба қоздырғышы – *Yersinia pestis* бактериясы анықталып, инфекцияның кеміргіштер мен бүргелер сияқты екінші дәрежелі тасымалдаушылар арқылы таралу механизмі зерттелгеннен кейін, де Мюссидің мәліметтері жұқпалы ауру Еуропаға оба жұқтырған егеуқұйрықтары бар сауда кемелері арқылы жетуі мүмкін деген нұсқаны күшейтетін аргумент ретінде пайдаланыла бастады (Супотницкий, Супотницкий, 2006: 95). Осы аталған эпизодқа тікелей немесе жанама түрде арналған зерттеулер өте көп (Руссев, 1997: 221; Benedictow, 2004: 51–54; Derbes, 1966: 61; Gottfried, 1983: 37; May, 2012: 202–203). Алайда оны жан-жақты тарихнамалық контексте қарастыруға бағытталған еңбектер әлдеқайда сирек кездеседі. 1999 жылы М. Уилистің 1914 жылға дейінгі биологиялық қаруды қолдану тарихына арналған көлемді еңбегі жарық көрді. Автор Каффа оқиғасынан бөлек, қалаларға қоршау кезіндегі биологиялық зақымданған материалдарды (денелер, мәйіттер) лақтырғаны туралы дереккөздерде сақталған XIV–XV ғасырларға тиесілі тағы екі мысалды анықтады.

Бірінші мысал – 1340 жылғы Жүзжылдық соғыс кезіндегі Тун-л'Эвек қамалының қоршауына қатысты. Хронист Жан Фруассар, Нормандия герцогының әскері қамалға бекінген ағылшын гарнизонын қоршауға алып, қоршау техникалары арқылы қалаға жылқы өлекселерін лақтырғанын жазған. Дереккөзде мұндай әрекеттің нақты мақсаты түсіндірілмегенімен, М. Уилис мұны сол дәуірдегі Еуропада аурулардың жаппай таралуы ауаның ластануынан туындайды деген түсінікпен сабақтастырады.

Екінші мысал – кейінгі гусит соғыстары кезеңіне қатысты. Бұл мәліметте 1422 жылы Карлштейн бекінісін қоршауға алған поляк ханзадасы Сигизмунд Корибут қоршау техникаларымен қамал ішіне қаза болған жауынгерлердің мәйіттері мен көп мөлшерде түрлі қоқыстарды лақтыруға бұйрық берген. Нәтижесінде, мүңкіген сасық иістің салдарынан қала қорғаушы-жауынгерлерінің тістері түсе бастаған. М. Уилис бұл сипатталған оқиғаларды шамамен екі жарым ғасырдан кейін хатқа түсірген жалғыз автор Антуан Варрилас екеніне назар аударады. Автордың қандай деректерді пайдаланғаны белгісіз, ал сипатталған ауру симптомына қарасақ ол қарқұлақ ауруы белгілеріне ұқсайды. Қалай болғанда да, зерттеуші мұндағы ауру тудыру немесе тарату мақсаты белгілі бір мотивтерден шығуы мүмкін екенін жоққа шығармайды.

Де Мюссидің мәліметін М. Уилис екіұшты бағалайды. Бір жағынан ол Каффадағы Алтын Орда әскерінің «бактериологиялық шабуылы» жөнінде хабарлайтын жалғыз жазба дерек екенін мойындайды да дәл сол оқиғаның шын мәнінде болғанына толық сенім білдірмейді. Ал екінші жағынан, автор М. Уилис обадан өлген денелерден ауру жұқтырған бүргелердің қала қорғаушыларына өтуі әбден мүмкін екенін жазады (Wheelis, 1999: 10–14).

Каффа қоршауына арнайы арналған мақаласында М. Уилис бірнеше нақты тұжырымдарды алға тартады. Біріншіден, жоғарыда аталған мысалдарға сүйене отырып ол «бактериологиялық қаруды» қолдануға ортағасырлық әскерлердің техникалық мүмкіндіктері болғанын және ол сол дәуірдегі адамдардың ауру қалай пайда болады деген түсініктеріне сай деген қорытындыға келген.

Екіншіден, де Мюсси сипаттаған өлі денелерді қалаға жеткізу расымен де сол жердегі жергілікті оба ошағының пайда болуына әкелген, себебі індетті жұқтыру инфекция жұқтырылған биологиялық материалмен тікелей байланыс нәтижесінен шығады. Ал дала кеміргіштері мен қала егеуқұйрықтарының инфекцияны тарату ықтималдығына М. Уилис күмәнмен қарайды. Себебі қала қорғаны мен көшпенділер қосы бір-бірінен едәуір қашықтықта орналасқан, оның үстіне, егеуқұйрықтар ұзақ қашықтыққа өздігінен тарала алмайтын, әдетте індерінен ондаған метрден әрі сирек ұзайтын сүтқоректілер. Үшіншіден, М. Уилистің ойынша Каффаға «бактериологиялық шабуыл» жасалған

күнде де ол Еуропадағы оба індетінің таралуына елеулі ықпал ете алмаған. Иә, індет шынымен де керуен сауда жолдарымен таралған, бірақ ол жұқтырылған заттың бір реттік тасымалымен емес, инфекцияның үздіксіз әрі тұрақты қозғалысынан туындаған процесс еді (Wheelis, 2002: 971–975).

Моше Гринбергтің зерттеуі Каффаға жасалған «бактериологиялық шабуылдың» тарихилығы туралы қалыптасқан негізгі тұжырымдарды жүйелі түрде сынға алуға бағытталған. М. Уилистің көзқарастарын талқылай отырып, Гринберг мәселені бірнеше қырынан қарастырады, бірақ оның медициналық және биологиялық аспектілерін әдейі өз талдауының шеңберінен тыс қалдырады.

Біріншіден, Гринберг бұл оқиғаны сипаттайтын жалғыз ғана дереккөз бар екенін және ондағы мәліметтерді өзге деректермен салыстыру арқылы тексерудің мүмкін еместігін орынды атап көрсетеді.

Екіншіден, Каффада болған жергілікті індет пен Италиядағы эпидемияның басталуы арасында белгілі бір хронологиялық алшақтық байқалады. Бұл жағдай індеттің Каффадан қашып шыққандар мінген кемелер арқылы таралғаны туралы де Мюсси баянының тарихи шынайылығына күмән келтіреді.

Үшіншіден, Моше Гринберг, М. Уилистің Алтын Орда әскерінің әрекеті соғыс жүргізу әдістерінің бірі болған әрі сол дәуірдегі медициналық түсініктеріне сәйкес келген деген тұжырымын сынға алады.

Ол көшпенділердің дәл осындай тәсілді қолданғанын дәлелдейтін бірде-бір жағдай белгілі емес екенін айтады. Ал жоғарыда келтірілген екі тарихи мысалдың ешқайсысында жұқпалы аурудан өлген адамдардың сүйектерін қалаға лақтыру туралы жазылмағанын, демек, бұл тәжірибені «бактериологиялық қарудың» қолданылуының нақты аналогы деп сану қиын екенін алға тартады.

Төртіншіден, Гринберг де Мюсси баянындағы ішкі қарама-қайшылықтарға назар аударады. Мысалы, жазба деректе моңғолдар «қаланы басып алуға деген қызығушылықтарын жоғалтқаннан» кейін ғана қорғанға мәйіттерді лақтыра бастаған. Одан бөлек, қала ішінде індет таралған соң алтынордалықтардың оны басып алуға қайта әрекет жасағаны жөнінде ештеңе айтылмайды. Осы тұрғыдан алғанда логикаға сай емес жағдайлар орын алады: бір жағынан көшпенділер қалаға лап қойып шабуылдамайды, екінші жағынан жұқпалы ауру тараған майданнан алыс далаға кетіп те қалмайды. Бірақ, өз қатарларында өлген жауынгерлердің мәйіттерін қалаға лақтыруын жалғастыра береді. Жалпы алғанда, Гринберг де Мюсси баяндарын өте күмәнді деп санайды, бірақ сол дәуірдегі оба індетінің таралуында Қырым мен теңіз сауда жолдарының шешуші рөл атқарғанын жоққа шығармайды (Гринберг, 2018: 75–90).

Талдау

Мәселеге қатысты осы екі ұстанымды салыстыра отырып, ең алдымен бірнеше маңызды әдіснамалық мәселеге назар аударған жөн. Моше Гринбергтің орта ғасырларда мұндай тәжірибелердің болмағаны туралы қарсы пікірлері негізді. Шынында да, жоғарыда аталған екі мысалдың ешқайсысы да «індеттің жайылуын» арнайы түрде өршітудің дәлелі бола алмайды. Бұл жағдайда ең көп дегенде аурулардың пайда болуы мен таралуын миазматикалық түсініктерге негізделген ауаны ластауға ұмтылыс туралы ғана айтуға болады. Осындай екі ғана мысалдың болуының өзі мұндай тәжірибенің аса сирек кездескенін көрсетеді. Бұл жағдайды сол кезеңде «ластанған ауаның» таралуын бақылауға мүмкіндік беретін тиімді тәсілдердің болмауымен түсіндіруге болады.

Демек, Каффадағы «бактериологиялық шабуылды» жоғарыда аталған прецеденттермен тікелей салыстырудың орындылығы күмәнді. Біріншіден, екі жағдайдың ешқайсысында індет басталып кеткен жағдайда мәйіттермен қандай да бір әрекет жасау туралы сөз болып отырған жоқ. Екіншіден, бұл тәжірибелерді 1346 жылы Жәнібек әскерінің әрекеттерімен байланыстыру үшін Алтын Ордадағы түркі-моңғол көшпенділерінің арасында эпидемиялық аурулардың миазматикалық табиғаты туралы орныққан түсініктердің болғанын дәлелдеу қажет. Алтын Орда элитасының Еуропа, араб және парсы елдерімен тығыз байланыста болғанын ескерсек, олардың мұндай түсініктерден хабардар болуы немесе, ең болмағанда, олар туралы естуі әбден мүмкін. Алайда мұндай түсініктердің олардың дүниетанымында қаншалықты терең орныққаны мүлде белгісіз. Бұған қатысты қандай да бір дереккөздік айғақтардың болмауы М. Уилистің пайымдарын жеткілікті дәрежеде негізделмеген деп бағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Моше Гринберг де

Мюсси мәтінінде сипатталған әрекеттерді «бактериологиялық шабуыл» ретінде біржақты түсіндіруге мүмкіндік бермейтін маңызды жайтқа орынды назар аударған. Автордың айтуынша, «аурудан туындаған індеттің сұмдығынан есеңгіреп, құтылуға ешқандай үміт жоқ екенін түсінген өлім аузындағы татарлар қаланы қоршауға деген ниеттерін жоғалтты. Алайда олар мәйіттерді катапульттерге салып, қорған ішіндегілердің барлығын адам төзгісіз сасық иіс өлтіреді деген оймен қалаға лақтыруды бұйырды». Яғни, дереккөз Каффаны мәйіттермен атқылаудың қоршау тактикасының мақсаты болмағанын және қаланы басып алуға тікелей бағытталмағанын дәлелдейді. Сондықтан, мәтінде қамалға жасалған кейінгі шабуыл туралы ештеңе айтылмауы таңғаларлық емес.

Сипатталған жағдайдың күрделілігі де Мюсси баянының тарихи шынайылығына күмән келтіруге негіз болады. Алайда осы мәліметтерді түркі-моңғолдардың індет жағдайындағы басқа да тәжірибелерімен салыстыру, осы мәселені біршама өзгертуі мүмкін. Бұл ретте зерттеушілердің кейде бір-бірінен дербес әрі өзара тікелей байланысы жоқ үш мәселені бір арнаға біріктіретінін ескеру қажет.

1. Түркі-моңғол көшпенділерінің әрекеттері де Мюсси жазғандай Қырымнан Еуропаға оба індетінің таралуына себеп болуы мүмкін бе? Бұл сұраққа сенімді түрде «жоқ» деп жауап беруге болады. Де Мюсси өз дәуіріндегі барлық замандастары сияқты обаны қоздыратын бактерияның бар екенін де, инфекцияның таралуының нақты механизмдерін де білмеген, сондықтан болып жатқан оқиғаларға биологиялық тұрғыдан толыққанды түсініктеме бере алуы объективті түрде мүмкін емес еді. Оның жазбалары да, сол дәуірден бізге жеткен басқа дереккөздер сияқты автордың белгілі фактілерді оқиғалардың салыстырмалы түрде бірізді әрі түсінікті желісіне біріктіруге жасалған талпынысы болып табылады. Әрине, бұл оқиғалар желісі биологиялық шындыққа тек шартты түрде ғана сәйкес келді.

2. Түркі-моңғол көшпенділерінің әрекеттері оба індетінің тікелей Каффада таралуына ықпал етуі мүмкін бе? Теориялық тұрғыдан алғанда олардың күрделі эпидемиялық жағдайға белгілі бір дәрежеде ықпал етуі, әрине, мүмкін болған. Сонымен қатар, жабайы және қалалық кеміргіштер популяцияларының өзара жақын орналасуы *Yersinia pestis* қоздырғышының жабайы кеміргіштерден қалалық кеміргіштерге таралуына мүмкіндік беретін жағдайлардың бірі болып табылады.

Бұл оба қоздырғышының табиғи ошақтардан синантроптық кеміргіштер популяциясына жүйелі түрде өтуі нәтижесінде қалыптасады, соның салдарынан аурудың қайталама ошағы пайда болады (Супотницкий, Супотницкий, 2006: 378). Т.Ф. Хайдаровтың пікірінше, қаладағы індет 1347 жылдың көктемінде, ауру жұқтырған егеуқұйрықтар кіре бастаған кезде өршіген (Хайдаров, 2018: 193–194). Расында да, Каффадағы індеттің пайда болуының неғұрлым ықтимал сценарийі – *Yersinia pestis* қоздырғышы табиғи ошақтан бүргелер арқылы қалалық кеміргіштер популяциясына жүйелі түрде тасымалданған, соның нәтижесінде індеттің екінші ошағы пайда болған. Мұндай жағдайда қаланы обадан өлген мәйіттермен атқылау, Каффада басталып кеткен індетті одан әрі ушықтыруы мүмкін болғанымен, оның бастапқы себебі болуы екіталай еді.

3. Түркі-моңғол көшпенділері өз әскерінде індет басталғаннан кейін өлген адамдардың мәйіттерін қоршау техникаларының көмегімен қалаға шынымен лақтыра алды ма? Шын мәнінде бұл мәселе қазіргі адамның дүниетанымы тұрғысынан ғана «бактериологиялық қару» мәселесімен тікелей байланыстырылады. Қазіргі адам үшін өлімге әкелетін бактериялардың болуы және оларды әскери мақсатта қолдану мүмкіндігі ғылыми танымда ғана емес, бұқаралық мәдениетте де әлдеқашан орныққан белгілі жайттар болып табылады. XIII–XIV ғасырлардағы көшпенділер үшін жағдай мүлде басқаша болды. Сондықтан дәл осындай әрекеттер жасалған күннің өзінде олардың мотивтері қазіргі рационалистік түсіндірмеден түбегейлі ерекшеленуі мүмкін.

Алынған нәтижелер

Қарастырылып отырған эпизодты 1287–1288 жылдардағы Польшаға жасалған жорық барысындағы Жошы Ұлысы әскерінің әрекеттерімен салыстыруға болады. XIII ғасырдың 80-жылдарында Шығыс Еуропада, соның ішінде Алтын Орда бақылауындағы аумақтарда бірқатар эпидемиялық аурулар өршіді. Аурудың немесе аурулардың пайда болу табиғаты туралы деректер өте аз. Жанама деректерге сүйенсек, ауру қан түкіру, терідегі дөңгелек пішінді ойық жаралар, тамақ тұсында бубон тәрізді үлкен іріңді ісіктердің пайда болуы және бірнеше

күн ішінде өлімге әкелуі сияқты белгілермен сипатталған деп пайымдауға болады. Сондықтан да сенімді түрде тұжырымдау мүмкін болмағанымен, бұл жерде бубондық және өкпелік оба індетінің өршуі туралы сөз болуы ықтимал (Порсин, 2019: 132–143).

Алайда бұл еңбекте біз жорықтың өзін егжей-тегжейлі қарастырмаймыз және індеттің туындауына себеп болған аурудың табиғатын анықтауға да ұмтылмаймыз. Оның үстіне, 1287–1288 жылдардағы індеттің нақты белгілері дереккөздерде сипатталмаған. Біздің зерттеуіміз үшін осыған байланысты Оңтүстік-Батыс Русь аумағында Алтын Орда әскерінің жасаған әрекеттері әлдеқайда маңызды.

Галицк-Волын жылнамасында Төле-Бұға бастаған Алтын Орда әскерінің Польшаға аттануынан кейін Владимир-Волынский маңында саны белгісіз бір жасақтың қалғаны хабарланады. Жасақтың міндеті жүдеп қалған аттарды жемдеу болған. Дәл осы кезде қалада індет өршіген. Владимир маңында орналасқан осы жасақ блокадаға немесе карантинге ішінара ұқсайтын әрекеттер жасай бастаған: жауынгерлер қаладан шығып, азық-түлік іздеуге әрекет жасаған қала тұрғындарын өлтіріп, тонап-сабаған. Жылнамада бұл оқиға былай баяндалады: «Остались татарские дружины у Владимира кормить своих коней. И тем они сделали Владимирскую землю пустынной. Ибо не давали людям выходить из города для добывания пропитания. Если же кто выходил – тех убивали, а других брали в плен. Иных же грабили и отнимали у них коней. И в городах умерло от этого Божьего гнева бесчисленное множество людей» (Ипатьевская летопись, 1908: 609).

Төле-Бұға әскері Польшадан қайтып келе жатқан кезде Львов маңында екі апта бойы аялдап, сол жерде бұған дейінгі жағдай іс жүзінде толық қайталанды. Жылнамадағы қалалардың (көпше түрде!) өзіндік бір қоршау жағдайында болғаны және олардың тұрғындарының ауылдық жерлерге қашуға әрекет жасағаны туралы хабарлама айрықша назар аудартады. Бұл эпидемиялық үдерістің едәуір ауқымды аумаққа таралғанын көрсетуі мүмкін. Алтынордалықтар қала тұрғындарын бақылауда ұстаудың өзіндік бір тәсілін қолданған: ол кезде қатты аяз болған, ал қашуға әрекет жасаған кейбір адамдарды тонап, киімдерін шешіндіріп жіберген. Мұндай жағдайда олардың суықтан қаза табу ықтималдығы аса жоғары еді. Жылнамашы тұрғындардың азық-түлік үшін қаладан шығуға ұмтылғанын хабарлайды. Алайда блокада алынып, көшпенділер әскері кеткеннен кейін олар жеткен ауылдарда көптеген тұрғындардың қаза болғаны туралы нақты мәлімет, сол үдере қашқандардың басты мақсаттарының бірі індет жайлаған қалалардан шығып кету болған деп пайымдауға мүмкіндік береді. Бәлкім, Төле-Бұға жауынгерлері дәл осыған жол бермеуге тырысқан болар: «Пошли они обратно на Львовскую землю, к городу Львову, и стояли на Львовской земле две недели, кормясь, не ведя войны, но и не позволяя никому выходить из города за пропитанием. Если же кто выходил из города — тех убивали, других брали в плен, а иных, ограбив, отпускали нагими. И те замерзали насмерть, потому что зима была очень суровая. И сделали они всю землю пустынной. Это же навёл на нас Бог за наши грехи, наказывая нас, чтобы мы раскаялись в своих злых и беззаконных делах. И наконец исполнился над нами гнев Божий. И умерло в городах от этого бесчисленное множество людей, а другие умерли в сёлах, выйдя из городов после ухода беззаконных агарян. Той же зимой и в Ляхах (Польше) был великий мор, и умерло у них бесчисленное множество людей. После ухода Телебуги и Ногая князь Лев подсчитал, сколько погибло людей в его земле: сколько было уведено в плен, убито и сколько умерло по Божьей воле – полтораста тысяч» (Ипатьевская летопись, 1908: 609–610).

Дереккөздегі мәліметтерді қорытындыласақ, Төле-Бұға жауынгерлері қалалардан шығып, індеттен құтылуға тырысқан халықты іс жүзінде бөгеп ұстаған деп пайымдауға болады. Жылнамашы қашып шыққан қала тұрғындарына жасалған зорлық-зомбылықты сипаттаған кезде, тек өлтіру фактілерін ғана атап өтпейтініне назар аударған жөн. Оның сипаттамасынан алтынордалықтардың іс-қимылдарының бірнеше түрін ажыратуға болады: біреулерін «өлтірген», «басқаларын тұтқынға алған», ал тағы біреулерін тонап, «жалаңаш күйінде босатқан», содан кейін олар аяздан өлген. Яғни, қашқындардың бір бөлігі өлтірілсе, ендігі бір бөлігі зорлық-зомбылық көріп, аязда киімсіз қалдырылған. Сыртқы белгілері бойынша сипатталған бұл тәжірибе кейінгі дәуірлерге жақсы таныс «карантин» түрлерінің бірін еске салады.

Польшаға жасаған жорығынан оралғаннан

кейінгі түркі-моңғол әскерінің әрекеттеріне қатысты мазмұны жағынан бір-біріне өте жақын тағы екі дерек бар. Поляк жылнамашысы Ян Длугоштың мәліметіне сәйкес, Русьтегі індет христиандардың моңғолдармен бірге өз діндестеріне қарсы жорыққа қатысуы үшін орыстарға жіберілген Құдайдың жазасы ретінде түсіндірілген. Төле-Бұға әскері жорықтан қайтып келе жатқан кезде моңғолдар орыстарға зиян келтіруге шешім қабылдаған, алайда мұны ашық түрде жүзеге асыра алмаған, өйткені олардың басшылары мұндай әрекеттерге жол бермеген. Осыдан кейін олар поляк тұтқындарын өлтіре бастаған, ал олардың жүректерін моңғол дуалаушылары су көздерін улау үшін пайдаланған. Тек Төле-Бұға әскері кеткеннен кейін ғана орыстар болған жағдайдың себебін түсініп, уланған суды пайдалануды тоқтатқан (Jan Dlugosz, 1868: 478–479). Осыған ұқсас сюжет кейінгі кезеңдегі Густин жылнамасында да көрініс тапқан: «Ибо змеиным (аспидовым) ядом они отравляли человеческие сердца и клали яд в воды, и от этого вся вода превратилась в отраву. И если кто пил её – тотчас умирал. И от этого произошёл великий мор по всей Русской земле» (Густинская летопись, 2003: 126–127).

Бұған дейін біз Длугоштың әңгімесі індет туралы тараған қауесеттер негізінде пайда болған және Алтын Орда әскерімен бірге поляк жерлеріне шабуыл жасағаны үшін Құдайдың жазасына ұшыраған орыс христиандарын айыптауға бағытталған ғибраттық сипаттағы мәтін үзіндісі болуы мүмкін деген пайым жасаған болатынбыз. Сондай-ақ Густин жылнамасын құрастырушы бұл сюжетті тікелей Длугош еңбегінен алған деген пікір де ұсынылған еді (Порсин, 2019: 135).

Мұндай түсіндірмені әбден ықтимал деп мойындай отырып, мәселені басқаша қырдан қарау мүмкіндігін атап өткен жөн. Бұл жерде Каффадағы оқиғалармен айқын параллель байқалады: моңғол дуалаушыларының әрекеттері формальды тұрғыдан «бактериологиялық қаруды» қолдануға жасалған әрекет ретінде де сипатталуы мүмкін. Оның үстіне, бұл анықтама М. Уилис келтірген екі мысалға қарағанда осы жағдайға қатысты әлдеқайда негізді көрінеді.

Әрине, Каффадағы оқиға сияқты бұл жерде де мәселелер тек деректанулық сипатта болып отыр. Длугоштың жазбалары ертерек кезеңге, ал Густин жылнамасы одан кейінгі кезеңге жататын дереккөздер болғанымен, бұл екі жазба деректің өзара байланысы әлі де толық анықталған жоқ.

Жылнама жазушысының поляк хронистінің жазбаларын пайдаланғаны жақсы белгілі, алайда Длугоштың баяны әлдеқайда егжей-тегжейлі болғандықтан, бір оқиғаны сипаттаған екі дербес дәстүрдің болғанын да толығымен жоққа шығаруға болмайды.

Мәселен, Длугош мәйіттердің жүректерін тұрып қалған және ағын суларға тасталғанын жазады, яғни бұл бір реттік әрекет емес, белгілі бір уақыт бойы жалғасқан тәжірибе болуы мүмкін. Сонымен қатар, ол рәсімнің қалай болғанын егжей-тегжейлі баяндайды: жүректер суға ұзын таяқтарға немесе сырықтарға бекітілген күйде батырылған. Бір қызығы, Каффа жағдайындағыдай, бұл жерде де автордың бастапқы ақпарат көзімен байланысының ықтималдығын аңғаруға болады. Длугоштың тікелей хабарлауынша, жүректері алынуы үшін өлтірілген шамамен жүз адам Алтын Орда әскері өздерімен бірге алып жүрген поляк тұтқындары болған.

Яғни, тірі қалған поляк тұтқындарының біреуі өз серіктеріне қатысты жасалған рәсімді өз көзімен көріп, кейін тұтқыннан қашып шығып, Польшаға оралған соң көргендерін баяндауы мүмкін, ал бұл мәлімет кейіннен Длугош хроникасына енген деп пайымдауға болады.

Байқағанымыздай, дереккөздер 1287–1288 жылдардағы індет өршуі жағдайында моңғолдар қолданған нақты тәжірибелер туралы мәселеге түпкілікті жауап беруге мүмкіндік бермейді. Осы оқиғаны сипаттайтын ең көне дерек болып табылатын Галицк-Волын жылнамасы жаулаушылардың әрекеттерін ең алдымен індет тараған қалалардың тұрғындарын аса қатаң оқшаулау арқылы жүзеге асырған өзіндік карантин ретінде сипаттайды. Ал кейінгі кезеңдегі дереккөздер – Длугош хроникасы мен Густин жылнамасы – мәйіттің жүрегін алып, оны қандай да бір «у» арқылы өңдеп, кейіннен суға тастауды көздеген қантөгісті рәсім туралы хабарлайды.

Кейінгі пайымдауларды түпкілікті орныққан әрі дәлелденген тұжырымдар ретінде қарастыруға болмайды. Бұл жерде мазмұны толық анық емес, алайда жақсы сақталған тарихи айғақтарға басқа қырынан қарау мүмкіндігі туралы сөз болып отыр. Түркі-моңғол көшпенділерінің өздері осындай індеттер туралы не ойлады? Олардың түсініктерінде жекелеген адамның ауруы мен жаппай індеттің таралуы

қаншалықты ерекшеленді? Осы мәселені қарап көрсек.

Дереккөздер олардың арасында аурудың контагиозды сипатына, демек, науқас адаммен тікелей қарым-қатынаста болудың қауіптілігіне қатысты белгілі бір түсініктердің болғанын пайымдауға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе Плано Карпинидің мынадай жазбасынан анық көрінеді: «Когда кто-нибудь из них смертельно заболеет, то на ставке его выставляют копье и его обвивают вокруг черным войлоком; и с того времени никто чужой не смеет вступить в пределы его ставок; и когда у больного начнется агония, то почти все удаляются от него, потому что никто из присутствующих при его смерти не может входить в орду какого-нибудь князя или императора до новой луны» (Путешествия в восточные страны, 1957: 32).

Эпидемия кезінде науқас адаммен қарым-қатынаста болу аса қауіпті деп есептелгенін 1287–1288 жылдары Оңтүстік-Батыс Русь жеріндегі моңғолдардың қалаларды іс жүзінде қоршауға алып, блокада ұйымдастырған іс-әрекеттері де дәлелдейді. Мұны біз жеке еңбегімізде қарастырған жорыққа қатысушылардың бірі – Ноғайдың, сол жорықта болған Төле-Бұғаға қарсы ұйымдастырған қастығы да көрсетеді. Бұл қастық моңғолдардың белгілі бір симптомдары, атап айтқанда, қан түкіру белгісі байқалған адаммен қарым-қатынас жасаудан қорқуына және оның көп ұзамай міндетті түрде қайтыс болатынына деген сеніміне негізделген (Порсин, 2018: 63–74).

Алайда, моңғолдардың өздері мұндай қарым-қатынастың қауіптілігін және аурудың табиғатын қалай түсіндірді? Белгілі бір тұжырымдарды Шыңғыс ханның кенже ұлы Төленің өлімі туралы әңгімелер жазылған бірнеше дереккөздер негізінде жасауға болады. Бұл сюжеттің тарихи шынайылығына қатысты белгілі бір күмән болғанымен, біз үшін оның Төленің өлімінің нақты жағдайларын қаншалықты бейнелейтіні немесе шынайы оқиғаларды жасыру мақсатында жасалған көркем аңызды білдіретіні аса маңызды емес. Бізге бұл әңгімедегі моңғолдардың кейбір аурулардың табиғаты мен оларды емдеу тәсілдері туралы белгілі бір түсініктері маңызды.

Төленің өлімі Рашид ад-Дин жылнамаларында және «Моңғолдың құпия шежіресінде» баяндалады. Шамасы, екі дереккөзде баяндалған оқиғалар қандай да бір ортақ дереккөзден алынған, алайда олардың арасында елеулі айырмашылықтар бар. «Моңғолдың құпия шежіресіне» сәйкес, Солтүстік Қытайға жасалған жорық кезінде Үгедей қаған кенет ауырып қалады. Оның себебін шамандар моңғол әскерінің әрекеттеріне ашуланған Қытай жеріндегі рухтардың наразылығы деп түсіндіреді. Рухтарға науқастың өмірі үшін өздері қалаған кез келген өтем ұсынылады, алайда олар оны қабылдаудан бас тартады. Кейінгі бал ашу барысында ең қолайлы өтем – қандай да бір туысының өмірі екені айтылады. Сол кезде оған өз еркімен Төле дайын екенін айтады. Ол шамандардың дуалаған суын ішеді де артынша қайтыс болады, ал Үгедей көп ұзамай сауығып кетеді (Козин, 1941: 192–193).

Ал Рашид ад-Диннің жазуы бойынша Үгедей Солтүстік Қытайға жасаған жорығынан оралғаннан кейін бірден төсек тартып қалады. Оның жанына Төле келген кезде шамандар «суды арбап, ағаш тостағандағы суға оның ауруын жуып түсіреді». Төле Тәңіріге жалбарынып, түрлі халықтарды жаулап алу барысында жасаған көптеген күнәларын мойындайды және ағасының өміріне айырбас ретінде өзінің өмірін ұсынады. Содан кейін ол «ауруды жуып түсірген» суды ішеді де, көп ұзамай қайтыс болады, ал Үгедей сауығып кетеді (Рашид ад-Дин, 1960: 24).

«Моңғолдың құпия шежіресіндегі» нұсқа шынайырақ көрінеді немесе кем дегенде XIII ғасырдың бірінші жартысындағы моңғолдардың діни түсініктеріне анағұрлым сәйкес келеді. Керісінше Рашид ад-Диннің баяны сол оқиғаны монотеизм қағидаларына сәйкес кейінгі жылдары қайта өңдеп жазған деген ой тастайды. Мысалы, әскери жорықтар барысында жасалған зорлық-зомбылықты моңғол элитасының қандай да бір күнә ретінде қабылдауы екіталай. Сонымен қатар, егер аурудың себебі жын-жыбырлардың емес, Құдайдың араласуымен түсіндірілсе, онда рәсімдік суды ішудің мәні түсініксіз болып шығады.

Бұл сюжетті талдау бірнеше байлам жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, кенеттен пайда болған ауруды моңғолдар ашуланған рухтардың әсерінен болған құбылыс ретінде қабылдауы мүмкін. Екіншіден, рухтардың ашуына өздері иелік еткен аумақтағы соғыс барысында жасалған зорлық-зомбылық себеп болды деп есептелуі ықтимал. Үшіншіден, моңғолдар тылсым күштердің әсерінен туындаған құбылыс ретінде түсінілген ауруды емдеудің неғұрлым нәтижелі

тәсілдерінің бірі – оны басқа адамға ауыстыру деп санаған. Төртіншіден, мұндай «ауыстыру» құралы ретінде су қолданылған. Егер Длугош сипаттаған рәсім шын мәнінде орын алған болса, оның жоғарыда аталған сипаттамаларға толық сәйкес келетіні анық. Әсіресе ұжымдық ауруды Төле жағдайындағыдай жеке адамға емес, басқа бір топқа ауыстырудың қисынды болғанын ескерсек.

Егер моңғолдар індетті ашуланған тылсым күштердің әсерінің нәтижесі ретінде шынымен қабылдаған болса, бұл шаманистік дүниетаныммен әбден үйлеседі және олардың Оңтүстік-Батыс Русь жеріндегі түсініксіз әрекеттерін анықтауға мүмкіндік береді. Болып жатқан оқиғаларды «карантин» немесе «бактериологиялық қару» сияқты рационалистік ұғымдар арқылы сипаттау, сөзсіз кейбір дүниелердің жекелеген қырларын ашуға мүмкіндік береді, алайда оның толық түсіндірмесін бере алмайды. Неге моңғолдар қалалардан шығуға ұмтылған тұрғындарды сол қалалардың ішінде қамап ұстағылары келді? Қашқындардың алтынордалық жауынгерлермен тікелей байланыс орнатуға ниеттенген болуы екіталай. Сол сияқты өз вассалы әрі алым төлеушісінің аумағында індетті әдейі ұйымдастыруды рационалистік тұрғыдан түсіндіру де қиын.

Егер науқас адаммен, әсіресе індет жағдайында қарым-қатынаста болудың қауіптілігі жөніндегі эмпирикалық түсініктері түркі-моңғолдардың шаманистік дүниетанымы аясында зұлым рухтың немесе рухтар тобының жеке адамға, не тұтас ұжымға әсер етуі ретінде пайымдалды деп болжасақ, онда жағдай әлдеқайда түсінікті бола түседі. Мұндай жағдайда қауіп көзін басқа адамға ауыстыруға немесе оны басқа бір қауымның ішінде оқшаулап ұстауға болатын еді, бұл жоғарыда аталған қалаларды қоршау арқылы жүзеге асырылған болуы мүмкін.

1287–1288 жылдардағы індеттің тікелей Алтын Орда әскерінің арасында таралғаны туралы нақты мәліметтер сақталмаған, алайда оның орын алуы әбден мүмкін. Моңғол әскерінің 1284–1285 жылдардағы Венгрияға жасаған алдыңғы жорығы кезінде індеттен едәуір зардап шеккені белгілі (Порсин, 2019: 132–134). Сондықтан, жоғарыда аталған індет салдарынан түркі-моңғол көшпенділері магиялық тәжірибелерді пайдалану арқылы құтылуға әрекет жасады деп пайымдау заңды.

Қорытынды

Ендігі кезекте мына мәселені анықтауымыз керек: 1346 жылы Каффа түбіндегі Алтын Орда әскерінің әрекетін, өз дәуірінен бірнеше ғасыр озық әскери тәсіл ретінде емес, өлімге әкелетін қауіптен магия арқылы құтылу үшін жасалған қадам деуге бола ма? Де Мюссидің баяны оқиғаның осы соңғы жағдайға негізделіп өрбігенін айтатын сияқты, тіпті белгілі бір дәрежеде сол нұсқаны анағұрлым шынайы етеді. Оның дерегінде түркі-моңғолдардың қаланы мәйіттермен атқылауды қандай да бір тылсым күштің көмегіне үміт артып жасағаны айтылмайды. Сонымен бірге, ол бұл әрекеттің қоршау тактикасының бір бөлігі болмағанын тікелей көрсетеді. Мысалы, олар жасаған медициналық сипаттағы барлық шаралар нәтижесіз болып шығады, бұл өз алдына көшпенділердің індетпен күресуге қатты әрекет жасағанын көрсететін қызықты айғақ болып табылады. Сосын алтынордалықтар қоршауды жалғастыруға деген қызығушылығын жоғалтады да, кейіннен ғана тас атқыш техникалардың көмегімен мәйіт сүйектерін қалаға лақтыра бастайды. Яғни, дереккөздегі осы баяннан түйетін нақты ой – көшпенділердің ондағы мақсаты, қала қоршау тәжірибесінің озық тактикасын қолдану емес, олардың аурумен күрестегі шарасыздығынан туындаған іс-әрекет деп білеміз.

Егер мәйіттерді лақтырудың мақсаты тактикалық әрі әскери тұрғыдан тікелей маңызды болған, яғни қала қорғаушылары арасында оба тарату болған деген пайымды алға тартсақ, онда Моше Гринбергтің ол оқиғаға деген сыни ескертулері әбден негізді. Алендітүркі-моңғолдар 1287–1288 жылдардағы тәжірибені өзгертілген түрде қайталай отырып, індет өршіген жағдайда магиялық әрекеттер арқылы обаны қала халқына «ауыстыруға» ұмтылған десек, онда осы оқиғаның шын мәнісін көре аламыз. Шамасы, 1346 жылы індеттен қашып кететін аумақ қалмаған. Орыс жылнамаларындағы мәліметтерге сәйкес, сол кезде Алтын Орда аумағының едәуір бөлігін қамтыған пандемиялық сипаттағы ауқымды оба індеті таралған (Московский летописный свод, 2004: 175; Летопись Авраамки, 2000: 419; Софийская первая летопись, 2000: 78). Қорыта айтқанда, Алтын Орда әскерінің кейін қалаға лап қойып шабуыл жасамай, індет жайлаған жерде ұзақ уақыт кідіріп, қаланы

мәйіттермен атқылауын таза рационалистік тұрғыдан түсіндіру қиын. Бұл әрекеттің негізгі мақсаты ауруды басқа қауымға «ауыстыру» арқылы індеттен құтылуға ұмтылу болды деп пайымдағанда ғана аталған оқиға біршама түсінікті бола түседі.

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы аясында (ЖТН AP26104055 «Жошы ұлысының мемлекеттік институттарының эволюциясы мен экономикалық дамуына табиғи-климаттық және эпидемиялық факторлардың әсерін зерттеу» жобасы) қолдау тапты.

Әдебиеттер

1. Гринберг М., 2018. Последняя осада Каффы (1346–1347) ханом Джанибеком и Чёрная Смерть: к вопросу о достоверности источников и о хронологии // Эпидемии и природные катаклизмы в Золотой Орде и на сопредельных территориях (XIII–XVI вв.). Сборник научных статей. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2018. С. 75–90.
2. Густинская летопись, 2003. Полное собрание русских летописей. Т. 40. Санкт-Петербург, 2003. 549 с.
3. Ипатьевская летопись, 1908. Полное собрание русских летописей. Т. 2. Санкт-Петербург, 1908. 638 с.
4. Козин С.А., 1941. Сокровенное сказание. Монгольская хроника 1240 г. Москва: Издательство АН СССР, 1941. 620 с.
5. Летопись Авраамки, 2000. Полное собрание русских летописей. Т. XVI. Москва: Языки славянской культуры, 2000. 457 с.
6. Московский летописный свод, 2004. Полное собрание русских летописей. Т. XXV. Москва: Языки славянской культуры, 2004. 800 с.
7. Порсин А.А., 2019. Климат и эпидемии в Золотой Орде в период с 1280 по 1313 годы // Золотоордынское наследие: Материалы VI Международного Золотоордынского Форума «Pax Tatarica: генезис и наследие государственности Золотой Орды», Казань, 26–28 июня 2019 г. Вып. 3. Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2019. С. 132–143.
8. Путешествия в восточные страны, 1957. Москва: Государственное издательство географической литературы, 1957. 450 с.
9. Рашид ад-Дин, 1960. Сборник летописей. Т. II. Москва–Ленинград: Издательство Академии наук СССР, 1960. 280 с.
10. Руссев Н.Д., 1997. Безносая привратница эпох: "Чёрная Смерть" на Западе и Востоке Европы // Стратум: структуры и катастрофы. Сборник символической индоевропейской истории. СПб: Нестор, 1997. С. 220–239.
11. Софийская первая летопись, 2000. Полное собрание русских летописей. Т. VI. Вып. 1. Москва: Языки славянской культуры, 2000. 580 с.
12. Супотницкий М.В., Супотницкая Н.С., 2006. Очерки истории чумы. Москва: Вузовская книга, 2006. 1200 с.
13. Хайдаров Т.Ф., 2018. Эпоха «Черной смерти» в Золотой Орде и прилегающих регионах (конец XIII – первая половина XV вв.): монография. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2018. 380 с.
14. Benedictow O., 2004. The Black Death, 1346–1353: The Complete History. Woodbridge: Boydell, 2004. 268 p.
15. Derbes V., 1966. De Mussis and the Great Plague of 1348. A Forgotten Episode of Bacteriological Warfare // Journal of the American Medical Association. 1966. №1 (196). Pp. 59–62.
16. Gottfried R., 1983. The Black Death: Natural and Human Disaster in Medieval Europe. New York: Free Press, London: Collier Macmillan, 1983. 690 p.
17. Jan Dlugosz, 1868. Jana Dlugosza kanonika krakowskiego Dzaiejow polskich ksiag dwanascie, T. II. 1868. 890 s.
18. May T., 2012. The Mongol Conquests in World History. London: Reaktion Books, 2012. 140 p.
19. Wheelis M., 1999. Biological warfare before 1914 // Biological and toxin weapons: research,

development and use from the Middle Ages to 1945. London: Oxford University Press, 1999. Pp. 8–34.

20. Wheelis M., 2002. Biological Warfare at the 1346 Siege of Caffa // Emerging Infectious Diseases. 2002. № 8 (9). Pp. 971–975.

References

1. Grinberg M., 2018. Poslednyaya osada Kaffy (1346–1347) khanom Dzhanibekom i Chornaya Smert': k voprosu o dostovernosti istochnikov i o khronologii [The last siege of Caffa (1346–1347) by Khan Janibek and the Black Death: on the reliability of sources and on chronology] // Epidemii i prirodnye kataklizmy v Zolotoy Orde i na sopredelnykh territoriyakh (XIII–XVI vv.) [Epidemics and natural disasters in the Golden Horde and adjacent territories (13th–16th centuries)]. Sbornik nauchnykh statey. Kazan': Institut istorii im. Sh. Mardzhani AN RT, 2018. Pp. 75–90. [in Russian].

2. Gustinskaya letopis, 2003. [Gustyn Chronicle] // Polnoye sobraniye russkikh letopisey [Complete Collection of Russian Chronicles]. T. 40. Saint Petersburg. 2003. 549 p. [in Russian].

3. Ipatyevskaya letopis, 1908. [Hypatian Chronicle] // Polnoye sobraniye russkikh letopisey [Complete Collection of Russian Chronicles]. T. 2. Saint Petersburg. 1908. 638 p. [in Russian].

4. Kozin S.A., 1941. Sokrovennoe skazanie. Mongol'skaya khronika 1240 g. [The Secret History. Mongolian Chronicle of 1240]. Moskva: Izdatel'stvo AN SSSR, 1941. 620 p. [in Russian].

5. Letopis' Avraamki, 2000. Letopisnyy sbornik, imenuyemyy letopis'yu Avraamki [A collection of chronicles called the Abraham's Chronicle] // Polnoye sobraniye russkikh letopisey [Complete Collection of Russian Chronicles]. T. XVI. Moskva: Yazyki slavyanskoy kul'tury, 2000. 457 p. [in Russian].

6. Moskovskiy letopisnyy svod, 2004. Moskovskiy letopisnyy svod kontsa XV veka [Moscow Chronicle Collection of the End of the 15th Century] // Polnoye sobraniye russkikh letopisey [Complete Collection of Russian Chronicles]. T. XXV. Moskva: Yazyki slavyanskoy kul'tury, 2004. 800 p. [in Russian].

7. Porsin A.A., 2019. Klimat i epidemii v Zolotoy Orde v period s 1280 po 1313 gody [Climate and epidemics in the Golden Horde in the period from 1280 to 1313] // Zolotoordynskoe nasledie [Golden Horde Heritage]: Materialy VI Mezhdunarodnogo Zolotoordynskogo Foruma "Pax Tatarica: The Genesis and Legacy of the Golden Horde Statehood", Kazan', 26–28 iyunya 2019 g. Vyp. 3. Kazan': Institut istorii im. Sh. Mardzhani AN RT, 2019. Pp. 132–143. [in Russian].

8. Puteshestviya v vostochnyye strany, 1957. Puteshestviya v vostochnyye strany Plano Karpini i Rubruka [Travels to the Eastern Countries by Plano Carpini and Rubruk]. Moskva: Gosudarstvennoye izdatel'stvo geograficheskoy literatury, 1957. 450 p. [in Russian].

9. Rashid ad-Din, 1960. Sbornik letopisey [Rashid ad-Din. Collection of Chronicles]. T. II. Moskva–Leningrad: Izdatel'stvo Akademii nauk SSSR, 1960. 280 p. [in Russian].

10. Russev N.D., 1997. Beznosaya privratnitsa epokh: "Chornaya Smert'" na Zapade i Vostoke Yevropy [The Noseless Gatekeeper of the Eras: "Black Death" in the West and East of Europe] // Stratum: struktury i katastrofy [Stratum: Structures and Catastrophes]. Sbornik simvolicheskoy indoevropeyskoy istorii [Collection of Symbolic Indo-European History]. SPb: Nestor, 1997. Pp. 220–239. [in Russian].

11. Sofiyskaya pervaya letopis', 2000. Sofiyskaya pervaya letopis' starshego izvoda [First Sofia Chronicle, Older Recension] // Polnoye sobraniye russkikh letopisey [Complete Collection of Russian Chronicles]. T. VI. Vyp. 1. Moskva: Yazyki slavyanskoy kul'tury, 2000. 580 p. [in Russian].

12. Supotnitskiy M.V., Supotnitskaya N.S., 2006. Ocherki istorii chumy [Essays on the history of the plague]. Moskva: Vuzovskaya kniga, 2006. 1200 p. [in Russian].

13. Khaydarov T.F., 2018. Epokha «Chernoy smerti» v Zolotoy Orde i prilegayushchikh regionakh (konets XIII – pervaya polovina XV vv.) [The era of the "Black Death" in the Golden Horde and adjacent regions (late 13th – first half of the 15th centuries)]. Kazan': Institut istorii im. Sh. Mardzhani AN RT, 2018. 380 p. [in Russian].

14. Benedictow O., 2004. The Black Death, 1346–1353: The Complete History. Woodbridge: Boydell, 2004. 268 p. [in English].

15. Derbes V., 1966. De Mussis and the Great Plague of 1348. A Forgotten Episode of Bacteriological Warfare // Journal of the American Medical Association. 1966. No. 1 (196). Pp. 59–62. [in English].

16. Gottfried R., 1983. The Black Death: Natural and Human Disaster in Medieval Europe. New York:

Free Press, London: Collier Macmillan, 1983. 690 p. [in English].

17. Jan Dlugosz, 1868. Jana Dlugosza kanonika krakowskiego Dzaiejow polskich ksiag dwanascie [Jan Długosz, canon of Krakow, Twelve books of Polish histories]. T. II. 1868. 890 s. [in Polish].

18. May T., 2012. The Mongol Conquests in World History. London: Reaktion Books, 2012. 140 p. [in English].

19. Wheelis M., 1999. Biological warfare before 1914 // Biological and toxin weapons: research, development and use from the Middle Ages to 1945. London: Oxford University Press, 1999. Pp. 8–34. [in English].

20. Wheelis M., 2002. Biological Warfare at the 1346 Siege of Caffa // Emerging Infectious Diseases. 2002. No. 8 (9). Pp. 971–975. [in English].

***Порсин А.А.[1], Агатай У.М.[2]**
[1]Научный институт изучения Улуса Джучи
Астана, Казахстан
[2]Национальный музей Республики Казахстан
Астана, Казахстан
e-mail: porsinart@gmail.com

ДЕЙСТВИЯ АРМИИ ХАНА ДЖАНИБЕКА ВО ВРЕМЯ ВСПЫШКИ ЧУМЫ В КАФФЕ В 1346 Г.

Аннотация. В статье рассматривается сообщение Габриэля де Мюсси о том, что в 1346 г. во время осады Каффы войска хана Золотой Орды Джанибека забрасывали в город тела людей, умерших от чумы. В историографии этот эпизод рассматривается как один из первых примеров применения «биологического оружия». Однако такая интерпретация вызывает ряд источниковедческих вопросов. Цель – предложить альтернативное объяснение действий войск Джанибека. Задачи: сопоставить сведения де Мюсси с другими источниками; проанализировать действия монголов во время эпидемии на Руси в 1287–1288 гг.; реконструировать шаманистические представления тюрко-монгольских народов о болезни. Источниковую базу составили сочинение де Мюсси, Галицко-Волынская летопись, хроника Яна Длугоша, «Сокровенное сказание монголов», труды Рашид ад-Дина, записи Плано Карпини и др. В статье применены сравнительно-исторический и историко-антропологический методы. Сопоставление с осадами Тун-л'Эвека (1340) и Карлштейна (1422) показывает, что там речь шла преимущественно о попытках «отравить воздух». События на Руси в 1287–1288 гг. свидетельствуют об изоляции населения заражённых городов. Сведения о смерти Тулуя и действиях монголов на Руси позволяют связать эти практики с шаманистическими представлениями о болезни. Поэтому забрасывание тел в Каффу может рассматриваться как магическая практика переноса эпидемической угрозы на другое сообщество.

Ключевые слова: чума, Каффа, осада, тюрко-монголы, хан Джанибек, шаманизм, заражение, магическое действие.

Для цитирования: Порсин А.А., Агатай У.М. Действия армии хана Джанибека во время вспышки чумы в Каффе в 1346 г. // Мәдени мұра. 2026. №3 (114). С. 295-306 (каз.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.20

***Porsin A.A.[1], Agatay O.M.[2]**
[1]Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi
Astana, Kazakhstan
[2]National Museum of the Republic of Kazakhstan

Astana, Kazakhstan
e-mail: porsinart@gmail.com

THE ACTIONS OF KHAN JANIBEG'S ARMY DURING THE PLAGUE OUTBREAK IN CAFFA IN 1346

Abstract. The article examines Gabriel de Mussis's account of the Golden Horde Khan Janibeg's army throwing the bodies of people who had died from plague into Caffa during the siege of 1346. Historiography regards this episode as one of the earliest examples of biological warfare. However, this interpretation raises several source-critical questions. The aim is to provide an alternative interpretation of Janibeg's army's actions. The objectives are to compare de Mussis's account with other historical sources; analyze Mongol actions during the epidemic in Rus' in 1287–1288; and reconstruct Turkic-Mongol shamanistic beliefs concerning the nature of disease. The source base comprises de Mussis's work, the Galician-Volhynian Chronicle, Jan Długosz's chronicle, The Secret History of the Mongols, Rashid al-Din's works, and Plano Carpini's accounts. Comparative-historical and historical-anthropological methods were employed. Comparison with the sieges of Tournai-l'Évêque (1340) and Karlštejn (1422) shows that these episodes primarily involved attempts to "poison the air." Events in Rus' in 1287–1288 indicate the isolation of populations in cities affected by epidemics. Accounts of Tolui's death and Mongol actions in Rus' point to shamanistic conceptions of disease. From this perspective, throwing corpses into Caffa may be interpreted as a magical practice aimed at transferring the threat of epidemic death to another community.

Keywords: plague, Caffa, siege, Turko-Mongols, Khan Janibeg, shamanism, disease transmission, magical practice.

For citation: Porsin A.A., Agatay O.M. The actions of Khan Janibeg's army during the plague outbreak in Caffa in 1346 // Madeni mura. 2026. №3 (114). pp. 295-306 (in Kaz.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.20

Авторлар туралы мәлімет:
Порсин Артем Александрович, тарих ғылымдарының кандидаты, Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институтының бас ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан.
ORCID: 0009-0008-4517-5265
Ағатай Өткірбай Мылтықбайұлы, PhD, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің аға ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан.
ORCID: 0000-0002-8840-010X

Сведения об авторах:
Порсин Артем Александрович, кандидат исторических наук, главный научный сотрудник Научного института изучения Улуса Джучи, Астана, Казахстан.
ORCID: 0009-0008-4517-5265
Агатай Уткирбай Мылтыкбайулы, PhD, старший научный сотрудник Национального музея Республики Казахстан, Астана, Казахстан.
ORCID: 0000-0002-8840-010X

Information about the authors:
Porsin Artem Alexandrovich, Candidate of Historical Sciences, Chief Research Fellow at the Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi, Astana, Kazakhstan.
ORCID: 0009-0008-4517-5265
Agatay Otkirbay Myltyqbaiuly, PhD, Senior Research Fellow at the National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0002-8840-010X